



**ТЕЗИСТЕР ЖИНАҒЫ  
СБОРНИК ТЕЗИСОВ  
COLLECTION THESES**

**ВНУТРИВУЗОВСКАЯ СТУДЕНЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ  
« СТУДЕНТ И НАУКА.  
СЕКЦИЯ : МОРФОЛОГИЯ И ФИЗИОЛОГИЯ »**

**УНИВЕРСИТЕТШІЛІК СТУДЕНТТІК КОНФЕРЕНЦИЯ  
«СТУДЕНТ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ.  
СЕКЦИЯ: МОРФОЛОГИЯ ЖӘНЕ ФИЗИОЛОГИЯ»**

**INTRA-UNIVERSITY STUDENT CONFERENCE  
«STUDENT AND SCIENCE.  
SECTION: MORPHOLOGY AND PHYSIOLOGY »**

**[www.ssmu.kz](http://www.ssmu.kz)**

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдыгазизов Д.М., Ерлан А.Е., Айтмуханбетова Л.А. РИСК ВОЗНИКНОВЕНИЯ ОЖИРЕНИЯ У СТУДЕНТОВ 1 КУРСА НАО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ СЕМЕЙ»...</b>	<b>3</b>
<b>Пірімбет Н.Ғ. СЕМЕЙ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН «АНАТОМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР» БАҒДАРЛАМАСЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....</b>	<b>5</b>
<b>Б.Ғ. Айтжанова СЕМЕЙ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 1 КУРС СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН «СТУДЕНТТЕН СТУДЕНТКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН RADIX МЕКТЕБІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....</b>	<b>6</b>
<b>Karmenova Aray Yestayevna EASY ANATOMY MOBILE APP AS A NEW EFFECTIVE WAY OF STUDYING HUMAN ANATOMY.....</b>	<b>8</b>
<b>Мұсабеков М.Б., Садыкова А.С. АНАЛИЗ ГРУППЫ КРОВИ И РЕЗУС ФАКТОРА У СТУДЕНТОВ.....</b>	<b>9</b>
<b>Абидолда А.Б., Айтказинова Ж.Н. ГАСТРОДУОДЕНАЛЬДЫ ЖАРАНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЕМДЕУ БОЙЫНША ҚЫСҚАША ӘДЕБИ ШОЛУ.....</b>	<b>11</b>
<b>Андасбеков Н.К., Жумагали Д.Ш., Кумарханкызы А. ИНОРОДНЫЕ ТЕЛА ЖЕЛУДОЧНОКИШЕЧНОГО ТРАКТА.....</b>	<b>13</b>
<b>Шавровский А. А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МАГНИТНЫХ КОМПРЕССИОННЫХ АНАСТОМОЗОВ В СОВРЕМЕННОЙ ХИРУРГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКЕ.....</b>	<b>14</b>
<b>Шакеров А., Карипов М., Асанов Ж. СИРАҚ СҮЙЕКТЕРІНІҢ СЫНЫҒЫН, БІР ЖАЗЫҚТЫҚТАҒЫ СҮЙЕК АРҚЫЛЫ ОСТЕОСИНТЕЗДЕУДІ ТОПОГРАФО-АНАТОМИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН НЕГІЗДЕР.....</b>	<b>16</b>
<b>Кәукенова М.Д. ШАП ЖАРЫҚТАРЫН ТАРТЫЛМАЛЫ ЖӘНЕ ТАРТЫЛМАЙТЫН ӘДІСТЕРМЕН ЕМДЕУГЕ ҚЫСҚАША ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ.....</b>	<b>17</b>
<b>Асанов Ж.А, Шакеров А.Ә, Карипов М.С. ДЫМҚЫЛ ПРЕПАРАТТАРДЫ АНАТОМИЯЛЫҚ МУЛЯЖДАРМЕНМЕН САЛЫСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАЛЫҒЫ.....</b>	<b>19</b>
<b>Булегенова А.Т. АСҚАЗАННЫҢ ШЫРЫШТЫ ҚАБАТЫНЫҢ СЕКРЕТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....</b>	<b>21</b>
<b>Турлыбаева Д.Н. КІНДІК БАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫС ЕРЕКШЕЛІГІН ГИСТОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЗЕРТТЕУ.....</b>	<b>22</b>
<b>Орынжанова Б.А. , Жумагельдинова Н.Б. ТӨМЕНГІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЗЕЙІНДІК КӨРСЕТКІШ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....</b>	<b>24</b>

УДК:613.25+378.172(574.41)

**РИСК ВОЗНИКНОВЕНИЯ ОЖИРЕНИЯ У СТУДЕНТОВ 1 КУРСА НАО  
«МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ СЕМЕЙ»**

**«СЕМЕЙ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ 1 КУРС  
СТУДЕНТТЕРІНІҢ АРАСЫНДА СЕМІЗДІКТІҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ  
ҚАУІПТІЛІГІ**

**RISK OF OCCURRENCE OF OBESITY AT STUDENTS OF THE 1ST  
COURSE MEDICAL UNIVERSITY SEMEY**

**Абдыгазизов Д.М., Ерлан А.Е., Айтмуханбетова Л.А.**

*Научный руководитель: к.м.н., и.о.доцента, зав.кафедрой нормальной  
физиологии Рахыжанова С.О.*

*Кафедра нормальной физиологии, НАО «Медицинский университет Семей»,  
город Семей, Республика Казахстан*

**Актуальность.** По оценкам ВОЗ, в 2016 году около 41 миллиона детей в возрасте до 5 лет имели избыточный вес или ожирение. В том же году более 1,9 миллиарда взрослых старше 18 лет имели избыточный вес. Из них свыше 650 миллионов страдали ожирением. Избыточный вес и ожирение, ранее считавшиеся характерными для стран с высоким уровнем дохода, теперь становятся все более распространенными в странах с низким и средним уровнем дохода, особенно в городах.

Актуальность данной проблемы состоит в том, что риск возникновения ожирения может нести за собой массу больших проблем, начиная от заболеваний сердечно-сосудистой системы и заканчивая инвалидностью.

**Цель исследования:** Выявить риск возникновения ожирения среди студентов НАО «Медицинский университет Семей» путем проведения анкетирования.

**Задачи:**

1. Провести анализ риска возникновения ожирения;
2. Выявить возможные причины ожирения среди студентов.

**Материалы и методы:** Были использованы методы: статистический; социологический (анкетирование, интервьюирование); информационно - аналитический. Дизайн исследования: Одномоментный поперечный метод.

Для оценки риска возникновения ожирения у студентов нами был создан опросник, который содержал в себе 20 вопросов, касающихся возраста, гендерной принадлежности, режима питания, физической активности наследственной предрасположенности и т. д.

Исследование проводилось в НАО «Медицинский университет Семей». В исследовании на добровольной основе участвовали студенты 1 курса в количестве 150 человек с помощью случайного отбора. Из них парни 28% и девушки 72%.

**Результаты и обсуждения:** Результаты опроса показали, что по индексу массы тела 70% респондентов имеют нормальный вес, 26% – избыточный вес (ИМТ составил более 25), а 4% из них страдают ожирением (ИМТ составил более 30). Как видно, процент студентов, страдающих избыточной массой тела невелик, но у многих студентов имеется риск развития ожирения.

На вопрос страдают ли близкие члены семьи избыточной массой тела – 22% ответили положительно.

При том, что за своим весом следят 53% студентов, 55% опрошенных не занимаются спортом. Каждый день делают физические упражнения 17%. Уроки физического воспитания и спортивные секции посещают 31%, 43% не посещают занятия вовсе.

На вопрос «Употребляют ли высококалорийную пищу (сладкие, мучные продукты, продукты с высоким содержанием жиров)» – 78% ответили положительно. Также 26% студентов часто употребляют фаст-фуд. В среднем респонденты употребляют еду 5 раз в день.

Гормональные нарушения имеются у 13%, заболевания ЖКТ у 21%. 70% не считают, что у них есть лишний вес.

**Вывод:** Таким образом, проведя анализ по данным опроса, поняли, что студенты подвержены риску возникновения ожирения. Этому свидетельствуют факторы риска, которые мы выявили в ходе исследования, способствующие предрасположенности студентов к ожирению: неправильное питание (78% употребляют высококалорийную пищу), малая двигательная активность (43% не посещают спортивные секции), стресс (46% подвергаются стрессу), что указывает на необходимость повышения мотивации к здоровому образу жизни среди студентов.

УДК: 371.214

**СЕМЕЙ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН  
«АНАТОМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР»  
БАҒДАРЛАМАСЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**ВАЖНОСТЬ ПРОГРАММЫ «ИННОВАЦИОННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ В  
ПРЕПОДАВАНИИ АНАТОМИИ» ДЛЯ СТУДЕНТОВ МЕДИЦИНСКОГО  
УНИВЕРСИТЕТА СЕМЕЙ**

**IMPORTANCE OF THE PROGRAM «INNOVATIVE DIRECTIONS IN  
TEACHING ANATOMY» FOR STUDENTS OF SEMEY MEDICAL  
UNIVERSITY**

**Пірімбет Н.Ғ.**

*Ғылыми жетекші: Анатомия кафедрасының оқытушысы, жаратылыстану  
ғылымдарының магистрі Д.О. Садыкова  
Анатомия кафедрасы, «Семей медицина университеті» КеАҚ, Семей қаласы,  
Қазақстан Республикасы*

Университетіміздің басты мақсаты бәсекеге қабілетті, білікті маман тәрбиелеу. Анатомия – медицина ғылымының бастауы. Анатомия пәнін оқытудағы инновациялық бағыттар тақырыптарды оңай түрде түсіну, материалдарды іздеудегі уақыттың үнемделуі, пәннің эффективтілігін жоғарылату және сапасын арттыру үшін жасалып отыр. Анатомия пәнінің арнайылығы студенттер тек тақырыпты оқып емес латын тілі мен терминологияны дұрыс түсіну, атластағы суреттерден, анатомиялық мәйіттен дұрыс көрсету алуын қамтамасыз ету.

Студенттер үшін қиынға түсетін бір жайт ол планшеттерден, жасанды пластикалық муляждардан көрсеткендегі анатомиялық құрылымдар адам денесінде өзгеше болып келеді. Студенттер арасында ылғалды препараттармен өзіндік жұмыс жасау, тақырыптарды талдау қызықты және оңайырақ екенін көрсетті. Бірақ қазіргі уақытта ылғалды препараттарға заңдық тұрғыдан да, имандылық жөнінен де қол жеткізу барлық студенттерге бірдей емес.

Интернет желісі бойынша онлайн бағытта оқыту, видеосабактар және электронды 3D тақталар, тесттік сұрақтар, презентациялар, студенттердің өзіндік жұмысының уақытын арттыру немесе комплексті өткізу бағыттары қолданылуы қажет.

**Мақсаты:** СМУ студенттері үшін анатомия пәнін оқытудағы инновациялық бағыттар маңыздылығын түсіндіру, тиімді бағыттарға баға беру.

**Зерттеу әдістері:** Зерттеу СМУ студенттері арасында өткізілді, зерттеуге 100 студент қатысты.

**Жұмыс барысы:** Зерттеу студенттер арасында сауалнама және кері байланыс түрінде жүргізілді.

**Зерттеу нәтижесі:** Студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша 62 студент - ылғалды препараттарды қолдану; 5 студент – тесттік бағытты қолдану; 10 студент – презентациялар және видеосабактар, электронды 3D тақталар; 4 студент – онлайн оқу; 21 студент- комплекстік оқу бағыттарын таңдады. Студенттер үшін ылғалды препараттар мен видеосабактар және электронды 3D тақтала мен жұмыс жасау ағзалардың топографиясын, синтопиясын, құрылымдарын түсінуде ыңғайлы және оңайға түсетінін көрсетті.

**Қорытынды:** Анатомия пәнін оқытудың тиімді бағыттары студенттердің әрбір тақырыптарға дайындалуда ақпараттардың иллюстративті сапасын арттырады. Студенттердің практикалық сабақтарға, қорытынды және аралық бақылауларға дайындалуда жоғары бағаға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бүгін алған білім- ертеңгі тәжірибе!

**УДК: 371.214**

**СЕМЕЙ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 1 КУРС СТУДЕНТТЕРІ  
ҮШІН «СТУДЕНТТЕН СТУДЕНТКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА  
ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН RADIX МЕКТЕБІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**ВАЖНОСТЬ ШКОЛЫ РАДИКС ,РАБОТАЮЩЕЙ В РАМКАХ  
ПРОГРАММЫ «ОТ СТУДЕНТА К СТУДЕНТУ» ДЛЯ СТУДЕНТОВ 1  
КУРСА МЕДИЦИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА СЕМЕЙ**

**THE IMPORTANCE OF THE RADIX SCHOOL, WHICH IS WORKING  
UNDER THE PROGRAMME "FROM STUDENT TO STUDENT" FOR FIRST-  
YEAR STUDENTS OF THE SEMIPALATINSK MEDICAL UNIVERSITY**

**Б.Г. Айтжанова**

*Ғылыми жетекші: Анатомия кафедрасының оқытушысы, жаратылыстану  
ғылымдарының магистрі Д.О. Садыкова*

*Анатомия кафедрасы, «Семей медицина университеті» КеАҚ, Семей қаласы,  
Қазақстан Республикасы*

Кез-келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Бүгінгі жас-ертеңгі елдің тірегі, келешектің келбеті. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білгір жастардың қолында. Еркін елдің ертеңі-білікті де білімді маман қолында. Ал, ертеңгі маман-бүгінгі студент сапалы білім алса бәсекеге қабілетті білікті маман болады.

Университетімізде студенттердің оқуға, пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында, «студенттен студентке» бағдарламасы жұмыс жасап жатыр. Медицина бастауы- анатомия болғандықтан, осы бағдарлама аясында анатомия пәнінен де Radix мектебі жұмыс жасап келеді. 1 курс студенттері үшін түсіну қиынға түсетін сабақтардың бірі-анатомия. Ал, анатомияны білмей, медицина университетінде оқу, дәрігер болу мүмкін емес. Осы мәселеге орай, жоғары курс студенттері студент тілінде тәжірибелері, білімдерімен бөлісу арқылы 1 курс студенттеріне оңай, түсінікті болу үшін әртүрлі әдістер арқылы сабақ жүргізеді.

**Мақсаты:** СМУ 1 курс студенттері үшін студенттен студентке бағдарламасы аясында жұмыс жасайтын Radix мектебінің маңыздылығына баға беру.

**Зерттеу әдістері:** Зерттеу СМУ анатомия кафедрасында өткізілді, жұмысқа 120 студент қатысты.

**Жұмыс барысы:** Жұмыс анатомия кафедрасында 1 курс студенттері арасында сауалнама және кері байланыс түрінде жүргізілді.

**Зерттеу нәтижесі:** 1 курс студенттері арасындағы сауалнама нәтижесі бойынша 107 студент Radix мектебінің көмегі қажет екенін көрсетті. 1 курс студенттерінің 89% Radix мектебінің анатомия пәнін түсінуге көмегі тиетінін, өте қажет екенін көрсетті, ал 11% студент пәнді өзі игерген түсінікті деп көрсетті. Ал, студенттермен кері байланыс нәтижесі бойынша, 82 студент 80-90%, 25 студент 70%, ал 13 студент 50-60% жинады. Соның ішінде 82 студенттің 75 студенті Radix мектебінде оқыған студенттер екенін атап көрсетуге болады.

**Қорытынды:** Мықты мемлекетті құрып, тұрақтану үшін оның кәсібилік деңгейі артық болуы керек. Ал мықты мемлекетті кәсіби біліктілігі жоғары мамандар қалайды. Еркін елдің ертеңі-білікті де білімді маман қолында. Ал, ертеңгі маман-бүгінгі студент сапалы білім алса бәсекеге қабілетті білікті маман болады. Оқу- студенттің өз қолында, талап-тілегіне, қызығушылығына байланысты.

УДК: 371.214

**EASY ANATOMY MOBILE APP AS A NEW EFFECTIVE WAY OF  
STUDYING HUMAN ANATOMY**

**МОБИЛЬНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ EASY ANATOMY КАК НОВЫЙ  
ЭФФЕКТИВНЫЙ МЕТОД ИЗУЧЕНИЯ АНАТОМИИ ЧЕЛОВЕКА**

**EASY ANATOMY МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АДАМ  
АНАТОМИЯСЫН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТИІМДІ ӘДІС РЕТІНДЕ**

**Karmenova Aray Yestayevna**

*Scientific director: teacher of anatomy department, master of sciences  
Sadykova D.O.*

*Ғылыми жетекші: Анатомия кафедрасының оқытушысы,  
жаратылыстану ғылымдарының магистрі Д.О. Садыкова  
Анатомия кафедрасы, «Семей медицина университеті» КеАҚ, Семей қаласы,  
Қазақстан Республикасы*

**The relevance of research:** Effective anatomy teaching and learning involves student engagement through a passionate teaching style and purposeful learning activities that corresponds to the professional goals of students. Traditionally students find anatomy difficult as it includes many new concepts and complex terminologies that students find boring and labor-intensive and they often concentrate their efforts on "memorizing" lists of names, a time-consuming "surface" approach. Furthermore, many universities now offer fewer contact hours to teach anatomy and often there is also a limited availability of cadavers for study. The challenges of teaching anatomy in the modern world require anatomy to be taught more effectively, in less time and often with reduced resources. These modern challenges provide an exciting opportunity for the development of innovative approaches for teaching and learning anatomy that move away from the traditional didactic methods towards more engaging and stimulating approaches using practical methods.

**The purpose:** The purpose is to find the most efficient mobile app for studying human anatomy at Semey medical university.

**The objectives and materials:**

- Conduct questionnaire among 2<sup>nd</sup> year students of Semey medical University
- Search for the information about innovative methods and possible mobile applications from the internet resources
- Searching for the most effective mobile app available for students and analyze it by its evaluation.



**The results:** 66 students of 2<sup>nd</sup> year of Semey Medical university have participated in conducted questionnaire. Questionnaire results showed that 29 of 66 students use internet resources, and results of second question only 21% of students use mobile apps.

**Conclusion:** After proper analyzation and evaluating advantages and disadvantages Easy Anatomy mobile app is chosen as the most efficient new method of studying anatomy and preparing for exam quizzes. Taking this new perspective on traditional methods of teaching anatomy provides a much more engaging, motivating, inspiring and enjoyable environment for student learning. This new teaching and learning approach produce students that can achieve the desired learning outcomes (higher grades), and are engaged, confident and self-direct learners.

**УДК: 340.624.4+517**

## **АНАЛИЗ ГРУППЫ КРОВИ И РЕЗУС ФАКТОРА У СТУДЕНТОВ**

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАН ТОБЫ ЖӘНЕ РЕЗУС ФАКТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАЛДАУ**

### **ANALYSIS OF BLOOD GROUP AND RHESUS CONFLICT AMONG THE STUDENTS**

**Мұсабеков М.Б., Садыкова А.С.**

*Научный руководитель: к.б.н., доцент Оразалина А.С.*

*Кафедра молекулярной биологии и медицинской генетики имени академика  
НАН РК Т.К. Раисова, НАО "Медицинский Университет Семей", город Семей,  
Республика Казахстан*

**Актуальность.** Группа крови – описание индивидуальных антигенных характеристик эритроцитов, определяемое с помощью методов идентификации специфических групп углеводов и белков, включённых в мембраны эритроцитов.

По состоянию на 2018 год, по данным Международного общества переливания крови, у человека обнаружено 36 систем групп крови. Из них наибольшее значение в прикладной медицине имеют и определяются чаще всего системы АВ0 и резус-фактора. Но остальные системы групп крови также имеют значение, поскольку пренебрежение ими в некоторых случаях может привести к тяжёлым последствиям и даже смертельному исходу реципиента.

**Цель исследования:** Провести анализ данных полученных при определении групп крови членов студенческой организации «Студент-Донор» и углубить знания студентов о группах крови и резус-факторах.

**Материалы и методы.** Были использованы методы: статистический; информационно - аналитический.

Исследование проводилось в НАО «Медицинский университет Семей». В исследовании на добровольной основе участвовали студенты 1-5 курсов в количестве 103 человек. Была создана электронная база доноров по резус-фактору и группе крови студентов НАО «Медицинского университета Семей».

**Результаты и обсуждения.** 103 студентов волонтеров 1-5 курсов сдали кровь в центре крови городе Семей. Согласно полученным данным была создана электронная база и составлен диаграммный показатель по группам крови. По показателю I-ая группа крови 28, II-ая группа крови 19, III-ая группа крови 48, IV-ая группа крови 8 студентов. Эти данные были внесены в электронную базу доноров по резус-фактору группе крови.



Также были проведены профилактические лекции для студентов 1, 2 курсов НАО «Медицинский университет Семей» о группах крови, резус-факторе и резус-конflikте.

**Выводы:** Лекции, проведенные организацией "Студент-Донор", помогли студентам 1,2 курса углубить знания о группах крови и резус-факторах по молекулярной биологии и рассмотреть меры о профилактике. В результате проведенной работы была установлена связь между медицинским университетом и Центром крови и создана электронная база по сбору доноров. Кроме того, анализ крови среди студентов НАО «Медицинский университет Семей» позволил выявить и поддерживать гемоглобиновые показатели, показатели различных инфекционных заболеваний.

УДК: 616.33-002.44

**ГАСТРОДУОДЕНАЛЬДЫ ЖАРАНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЕМДЕУ БОЙЫНША  
ҚЫСҚАША ӘДЕБИ ШОЛУ.**

**КРАТКИЙ ЛИТЕРАТУРНЫЙ ОБЗОР ПО РАДИКАЛЬНОМУ  
ЛЕЧЕНИЮ ГАСТРОДУОДЕНАЛЬНОЙ ЯЗВЫ.**

**A BRIEF LITERARY REVIEW OF THE RADICAL TREATMENT OF  
GASTRODUODENAL ULCERS.**

**Абидолда А.Б; Айтказинова Ж.Н.**

*Ғылыми жетекші: кафедра оқу тушысы Тураханова Б.С.*

*Профессор Н.А. Хлопов атындағы топографиялық және клиникалық анатомия кафедрасы, «Семей медицина университеті» ҚеАҚ, Семей қаласы, Қазақстан Республикасы*

**Өзектілігі:** Асқазан мен он екі елі ішектің ойық жарасының ең ауыр, қауіпті және дереу операция жасауды қажет ететін асқыну – ойық жара перфорациясы. Бұл асқыну орта есеппен алғанда барлық ОЖ ауруымен науқас адамдардың 15%-да, бірақ дәл осы асқыну ОЖ-мен науқас адамдардың 70%-на өліміне себепші. Ойық жараның перфорациясы 70%-ға жуық науқастарда ОЖ ауруының алғашқы клиникалық белгісі болып табылады. Еуропада он екі ішек жарасының перфорациясы орта есеппен 7-10 адамда, ал асқазан жарасы — 100 000 адамға шаққанда 2-5 адамда кездеседі. Перфорациялық тесіктің локализациясы типтік: бадананың(луковица) алдыңғы қабырғасында — 60% науқастарда, асқазанның антральды және пилорикалық бөлімдерінде — 20%, асқазанның аз қисығында (малая кривизна)— сондай-ақ 20% науқастарда. Бақылаулардың 0,3-0,5% - да көптеген перфорациялар кездеседі. Созылмалы жараның тесілуі өткір жарадан 10 есе жиі болады.

**Зерттеу нысаны:** перфортивті гастродуоденальды жара бойынша ғылыми деректерді жүйелі түрде іздеу болып табылады.

**Материал және әдістер:** ғылыми жарияланымдарды іздеу дәлелді медицинаның (Pub Med, Cochrane Library), мамандандырылған іздестіру жүйелерінің (Goodle Scholar) мәліметтер базасында жүргізілді. Қосу критерийлері: ағылшын, орыс тілдерінде жарияланған адамдарға орындалған зерттеулер. Барлығы 15 әдеби мақала, оның 8-і орыс тілінде, 7-і ағылшын тілінде қолданылды.

**Зерттеу қорытындылары:**

Перфорацияланған гастродуоденальды ойық жарасы бар пациенттерді хирургиялық емдеудің ең радикалды әдісі бұрынғыдай ваготомиямен бірге Бильрот екі модификациясында асқазанның резекциясы болып саналады. Перфорациялық гастродуоденальды жарасы бар науқастарға асқазан резекциясы

көрсеткіші болып перфорацияны тігу қиындығы, малигнизацияға күдікті каллезді жараның болуы саналады.

Kuwabara (2011) өзінің зерттеулерінде 699 медициналық орталықтың мәліметтерін талдау негізінде, егде жастағы науқастарда анемиясыз және аурудың ұзақтығы 24 сағаттан аз болған кезде, операциядан кейінгі ерте кезеңдегі перфорациялық гастродуоденальды жараны тігу мен асқазан резекциясы нәтижелерін салыстыруға болатындығын дәлелдеді.

Бірақ осы операциядан кейінгі кезеңде пациенттердің 15-30% -ында әртүрлі патологиялық синдромдар дамиды, бұл көбінесе мүгедектікке әкеледі, ал пациенттердің жартысында постгастрорезекционды синдромдар өзара қосарласады. Асқазанды резекциясы нәтижелерін қанағаттанарлық деп айтуға болмайды: операциядан кейінгі ерте және кеш асқынулардың деңгейі 30-40% жетеді, өлім 6-дан 19% -ға дейін және науқастардың өмір сапасы төмен болып қалады. Классикалық тұжырымдамаларға сәйкес, асқазан резекциясын аурудың алғашқы 6-8 сағатында ғана жасауға болады, яғни химиялық перитонит кезеңінде, бірақ кейбір авторлар оны жүзеге асырудың уақыт аралығын 12-24 сағатқа дейін ұзартуға болады деп санайды. Шамасы, бұл мәселеде жетекші болып перитониттің таралу дәрежесі мен фазалары саналады. Бұдан бөлек, қазіргі таңда асқазанның перфорацияланған гастродуоденальды жара кезіндегі асқазан резекциясының техникалық жақтарын одан әрі жетілдіру және дамыту қажет. Жағдай одан әрі созылмалы он екі елі ішектің перфорациясы және перфорацияланған гастродуоденальды ойық жара аурулары туралы консенсустың жоқтығымен, сондай-ақ олардың сараланған интраоперативті диагнозына және негізделген хирургиялық түзетулерге байланысты.

**Қорытынды:** Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, асқазан резекциясы барлық модификациясында әртүрлі патологиялық жағдайларға алып келеді, сонымен қатар ерте және кеш операциядан кейінгі асқынулар 30-40% жетеді, өлім-жітім 6-дан 19% -ға дейін ауытқиды және науқастардың өмір сүру сапасы төмендейді.

УДК 616.345-003.6-07-089

## ИНОРОДНЫЕ ТЕЛА ЖЕЛУДОЧНОКИШЕЧНОГО ТРАКТА

### FOREIGN BODIES OF THE GASTROINTESTINAL TRACT

#### АСҚАЗАН-ШЕК ЖОЛЫНЫҢ БӨГДЕ ДЕНЕЛЕРІ

**Андасбеков Н.К., Жумагали Д.Ш., Кумарханкызы А.**

*Научный руководитель д.м.н., профессор С.Б. Имангазин*

*Павлодарской филиал НАО «Медицинский университет Семей», город*

*Павлодар, Республика Казахстан*

Диагностика и лечение инородных тел пищеварительного канала редко и разноречиво освещаются в литературе.

Цель сообщения. Представить редкие осложненные случаи инородных тел желудочно-кишечного тракта.

Материал и методы. Проанализированы 2 случая инородных тел желудочно-кишечного тракта в течение 1 года.

Результаты наблюдения. 1. Больной Т., 1998 года рождения (и.б. № 12338), студент вуза г. Павлодара, поступил в хирургическое отделение городской больницы № 1 г. Павлодара 29.10.2018. Болен в течение трех дней. Общее состояние средней степени тяжести. Язык суховат. Живот не вздут, в акте дыхания участвует активно. При пальпации определяется болезненное напряжение в правом подреберье и в мезогастрии. Симптомы раздражения брюшины не определяется. Перистальтика кишечника выслушивается. Общий анализ крови: гемоглобин 137 г/л; лейкоциты -  $22,6 \times 10^9$ /л; п. - 10%; с/я - 81%; э. - 1%; м. - 1%; л. - 7%; СОЭ 2 мм/час. Результаты компьютерной томографии брюшной полости от 30.10.2018 года: в правом подреберье визуализируется инородное тело размерами 7,8x8,1 см.

Во время операции обнаружен инфильтрат с вовлечением в процесс печени, поперечно-ободочной кишки и большого сальника. При разделении инфильтрата вскрылся абсцесс. На дне абсцесса обнаружена перфорация печеночного угла толстой кишки пластмассовым карандашом длиной 14,5 см с частичной миграцией его в брюшную полость. Инородное тело (рисунок) удалено. Перфорационное отверстие диаметром 0,4 см ушито узловыми двухрядными швами. Течение послеоперационного периода гладкое.

Во втором случае больной 46 лет поступил в стационар 16.09.2019 г. с жалобами на боли в животе, повышение температуры тела до  $37,5^\circ$  С. Общее состояние средней тяжести. Язык влажный. Живот мягкий болезненный в мезогастральной области справа, где определяется инфильтрат без четких границ. Симптом Щеткина-Блюмберга отрицательный. ОАК: гемоглобин 140 г/л;

лейкоциты -  $11,0 \times 10^9/\text{л}$ ; п. - 7%; с/я - 83%; л. - 8%; СОЭ 10 мм/час. Результаты КТ брюшной полости от 16.09.2019 г: признаки абсцесса прямой мышцы живота справа с инородным телом. УЗИ: абсцесс брюшной полости.

Произведена верхнесрединная лапаротомия. Обнаружен воспалительный инфильтрат с участием большого сальника, передней брюшной стенки и петель тонкой кишки. При разъединении инфильтрата опорожнились множество абсцессов. Один из них локализован над внутренним листком влагалища прямой мышцы живота справа внебрюшинно. В центре последнего найдено инородное тело (рыбья кость). Предположительно на месте перфорации в терминальном отделе тонкой кишки стенка ее инфильтрирована, но герметичность сохранена. Инородное тело удалено, резецирован участок сальника. Дренирование брюшной полости с ушиванием основной операционной раны на глухо. В последующем установлено, что больной неделя назад был на рыбалке.

Таким образом, особенностью приведенных клинических случаев является то, что точные диагностические сведения были получены при компьютерной томографии.

**УДК 617-089**

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ХИРУРГИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕ МАГНИТТІК  
КОМПРЕССИЯЛЫҚ АНАСТОМОЗДАРДЫ ҚОЛДАНУ**

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МАГНИТНЫХ КОМПРЕССИОННЫХ  
АНАСТОМОЗОВ В СОВРЕМЕННОЙ ХИРУРГИЧЕСКОЙ ПРАКТИКЕ**

**USING OF MAGNETIC COMPRESSION ANASTOMOSISES IN MODERN  
SURGICAL PRACTICE**

**А. А. Шавровский**

*Кафедра топографической и клинической анатомии имени профессора Н.А. Хлопова, НАО «Медицинский университет Семей», г. Семей, Республика  
Казахстан*

**Актуальность.** Метод применения магнитных колец для наложения анастомозов был предложен давно [Obora et al., 1978], но получил развитие и одобрение от U.S. Food and Drug Administration лишь недавно.

**Цель исследования.** Обзор публикаций научной медицинской периодической литературы по заданной теме.

**Материал и методы.** В данном литературном обзоре рассмотрены 11 публикаций, найденных нами в базе данных PubMed по запросам «magnomosis», «magnetic compression anastomosis». Критерий включения – давность публикации менее 10 лет.

**Результат исследования.** В исследовании применения магнитных колец на смоделированной на свиньях атрезии пищевода (n=5) показало [Brunce et al., 2018] успешность лечения в 60% случаев. Исследование применения метода в наложении тонкокишечного анастомоза «конец-в-бок» [Feng et al., 2018] гастроеюноанастомоза [An et al., 2018] у крыс показало более низкие временные затраты и большую выживаемость в исследуемом методе, в сравнении с ручным методом. В исследованиях Wang et al., 2018 и Yan et al., 2013 метод показал более низкие временные затраты, большую безопасность, лучшие гистологические результаты во время наложения портокавального шунта на собаках в сравнении с ручным методом. Исследование лечения атрезии пищевода данным методом [Slater et al., 2019] на 13 пациентах показало безопасность и благоприятность долгосрочного исхода и простоту данной методики, что подтверждает тезис работы Dorman et al. (2016 год) о безопасности метода. Graves et al. показали в 2017 году безопасность метода в наложении тонкокишечного анастомоза на пациентах (n=5), Liu et al. в 2019 году успешно опробовали лапароскопический вариант метода на пациентах (n=4), Toselli et al. впервые успешно применили метод на 2 педиатрических пациентах в 2017 году. Liu et al. в 2019 году показали большую безопасность, меньшие временные затраты применения магнитных колец в сравнении с ручным методом в проведении билеоеюностомии на 41 пациенте.

**Заключение.** Магнитный компрессионный анастомоз – безопасная, быстрая, простая в исполнении техника лечение атрезии пищевода, портокавального шунтирования, гастроеюностомии, наложение кишечных анастомозов «бок-в-бок».

ӘОЖ: 616.718.5/.6-616.71-001.5-06

**СИРАҚ СҮЙЕКТЕРІНІҢ СЫНЫҒЫН, БІР ЖАЗЫҚТЫҚТАҒЫ СҮЙЕК  
АРҚЫЛЫ ОСТЕОСИНТЕЗДЕУДІ ТОПОГРАФО-АНАТОМИЯЛЫҚ  
ТҮРҒЫДАН НЕГІЗДЕР**

**ТОПОГРАФО-АНАТОМИЧЕСКАЯ ОБОСНОВАНИЯ  
ОДНОПЛОСКОСТНОГО ЧРЕЗСКОСТНОГО ОСТЕОСИНТЕЗА  
ПЕРЕЛОМОВ КОСТЕЙ ГОЛЕНИ**

**TOPOGRAPHIC-ANATOMICAL SUBSTANTIATION OF SINGLE-PLANE  
TRANS-PLANE OSTEOSYNTHESIS OF SHIN BONE FRACTURES**

**Шакеров А., Карипов М., Асанов Ж.**

*Ғылыми жетекші: кафедра меңгерушісі А.К. Букатов*

*Профессор Н.А. Хлопов атындағы топографиялық және клиникалық анатомия  
кафедрасы, «Семей медицина университеті» ҚеАҚ, Семей қаласы, Қазақстан  
Республикасы*

**Маңыздылығы.** Соңғы жылдары ауа райының глобальді өзгеруіне орай, жер шары бойынша болып жатқан климаттық өзгерістер әр адамға әсерін тигізуде. Қыс мезгілінде жылдан жылға көктайғақ, жаңбыр жаууы сондай-ақ транспорттың көбеюі де травматизмнің жиілігін арттыруда. Сондықтан сирақ сүйектерінің сынығын емдеу тынғылықты зерттеуді қажет етеді.

**Зерттеу мақсаты.** Мәйіттерде Илизаров бойынша және бір жазықтықты остеосинтездеу тәсілдерін экспериментальді түрде бағалау.

**Зерттеу материалдарымен әдістері.** Экспериментальді проспективті зерттеу. Қолданылатын материалдар 10 мәйіттік препараттар (еркек және әйел жынысындағы), Илизаров аппараты, травматологиялық аспаптар.

**Зерттеу нәтижелері.** Ылғалды мәйіт препараттарында орнатылған аппараттардың сымтемірлері қандай зақым келтіретіндігін анықтау мақсатында өткізген 10 мәйіт аяғындағы зерттеулер келесі нәтижені берді. Бір жазықтықтағы тәсілі бойынша сымтемірдің тек фронтальды бағытта өтуіне байланысты аппаратты 2 сол және 2 оң сирақ аймағына өткіздік, ал қалған алты аяқ препараттарына Илизаров бойынша толық сақиналы остеосинтездеу аппараты орнатылды. Барлық аппарат сымтемірлері орнатылып болғаннан кейін препараттарды қабаттап аштық.

Жартылай шеңберлі біржазықтықта өткізілген остеосинтездеу аппаратында келесі көріністі байқадық, алынған 4 аяқ препараттарында ірі қантамыр-нерв өрімдерінің зақымдалуын байқамадық, сонымен қатар балтыр бұлшық еттерімен және бүккіш, жазғыш бұлшық еттердің сіңірлерінің сымтемірмен түйрелмейтінігіне көз жеткіздік.



Ал Илизаров бойынша толық сақиналы остеосинтездеу сирақ сүйегінің анатомиялық құрылымына байланысты алдыңғы бүйір аймақта орналасатын; сирақтың жоғарғы және ортаңғы үштен бірінде сымтемір алдыңғы сирақ бұлшық етін (*m. tibialis anterior*) ал төменгі үштен бірінде бармақтың ұзын жазғышының қарыншасын (*m. extensor hallucis longus*) түйрейтіндігіне көз жеткіздік. Осы нәтижені қорыта айтқанда 6 жағдайда фронтальді жазықтықта өткізілген сымтемірлер сирақ аймағындағы қантамыр-нерв будаларын зақымдамайтындығына көз жеткіздік.

**Қорытынды.** Сымтемірлерді сирақтың алдыңғы жарты шеңбері бойынша фронталды жазықтықта өткізу, сынықтарды бекіту барысында аз жарақат әкеледі. Бұл кезде сирақ аймағындағы жұмсақ тіндермен қантамыр-нерв жүйелерінің жаншылуы, бұлшықетпен оның сіңірлерінің жаншылуы болмайды, сондықтан осы аймақта буын қозғалысы шектелмейді, тек алдыңғы бүйір топтағы бұлшық еттер шаншылады. Мұны тіндер мен сымтемірлерді тізе бойының түрлі деңгейіндегі топографиясынан көруге болады.

**УДК :616.34-00743**

**ШАП ЖАРЫҚТАРЫН ТАРТЫЛМАЛЫ ЖӘНЕ ТАРТЫЛМАЙТЫН  
ӘДІСТЕРМЕН ЕМДЕУГЕ ҚЫСҚАША ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ**

**КРАТКИЙ ЛИТЕРАТУРНЫЙ ОБЗОР ПО ЛЕЧЕНИЮ ПОВРЕЖДЕНИЙ  
ПАХА НАТЯЖНЫМИ И НЕСИНУТЫМИ МЕТОДАМИ**

**A BRIEF REVIEW OF THE LITERATURE ON THE TREATMENT OF GROIN  
INJURIES BY TENSION AND NON-TENSION METHODS**

**Кәукенова М.Д.**

*Ғылыми жетекші: кафедра оқушысы О.Т. Ван*

*Профессор Н.А. Хлопов атындағы топографиялық және клиникалық анатомия кафедрасы, «Семей медицина университеті» ҚеАҚ, Семей қаласы, Қазақстан Республикасы*

**Өзектілігі:** Құрсақ қуысының алдыңғы қабырғасының жарығы ер адамдардың 6-7% ал, әйел адамдардың 2-5% кездеседі. Құрсақ қуысына жасалған барлық оперативті араласулардың 65% жоғарысын шап жарығына жасалған герниопластика құрайды. Шап жарығына жасалған герниопластика хирургия саласындағы ең жиі қолданылатын араласулардың бір түрі болып табылады. Шап аймағындағы алдыңғы құрсақ қабырғасының күрделі құрылысы және шап

аралықтарында берік анатомиялық құрылымдардың болмауы осы кең таралған патологияның субстраты болып табылады. Жыл сайын шап жарығына байланысты 20 млн астам операция жасалады, бұл барлық операциялық араласулардың 10-15% құрайды.

**Зерттеудің мақсаты:** шап жарықтарын емдеудің тартылмалы және тартылмайтын әдістері туралы ғылыми ақпаратты жүйелі түрде іздеу болып табылады.

Материал және әдістер: релевантты ғылыми жарияланымдарды іздеу дәлелді медицинаның (Pub Med, Cochrane Library), мамандандырылған іздеу жүйелерінің (Google Scholar) мәліметтер базасында жүргізілді. Қосу критерийлері: ағылшын, орыс тілдерінде жариялаған адамдар орындаған зерттеулер. Барлығы 15 әдеби мақала қолданылды: оның 8-і орыс тілінде, 7-і ағылшын тілінде болды.

**Зерттеу нәтижелері:** XX ғасырдың бірінші жартысында шап жарықтарын емдеудің барлық әдістері апоневротикалық және бұлшықет құрылымындағы (тартпалы пластика) ақау жиектерін салыстыру мен тігуге негізделген және де Bassini (1887) бойынша шап арнасының артқы қабырғасының реконструкциясы жиі қолданылған. Bassini әдісі әртүрлі авторлармен өзгертілген (С. McVay 1958, E. E Shouldice 1994, L. M Nyhus 1994). 1994 жылы Шоулдайс ұсынған шап арнасының артқы қабырғасының көп қабатты пластикасы, шап жарықтарын емдеуде рецидив жиілігін томендетуіне байланысты (1% — дан кем) герниопластика саласындағы негізгі әдістердің бірі болды. Басқа авторлар өз бақылаулары бойынша рецидив 15% тен асып кететінін анықтады. Шап аймағындағы нерв талшықтарының созылуына және тігістің алынуына байланысты шап жарықтарын емдеудің осы тәсілдері әлі де жоғары қайталану жиілігімен, асқынулардың жиі қайталануымен және операциядан кейін ұзақ ауырсыну синдромымен қатар жүреді. Бұл анатомиялық құрылымдарды тартусыз, аллотрансплантаттарды пайдалану арқылы шап каналының пластика тәсілдерін әзірлеуге себеп болды.

Хирургиялық тәжірибеде герниорафия үшін кеңінен қолданылатын синтетикалық материалдар тек полипропилен және полиэстрден жасалған тор түрінде болады. Лихтенштейн 1987 жылы алғаш рет клиникалық практикада торлы протездерді қолдана отырып, ауыр емес пластика ұғымын енгізді және тамаша нәтижелер көрсетті: рецидивтердің жиілігі 0,9% төмендеді. Әртүрлі зерттеулер статистикасы және Лихтенштейн бойынша пластикадан кейін біріншілік жарық 0,5% - 2,5% жиілікпен кездеседі, ал қайталанатын немесе бірнеше рет қайталанатын жарықтардан кейін аурудың рекурренттілігі 2,7% - 11,3% жағдайда байқалады. Герниопластиканың ашық кернеулі емес әдістерінен және герниосистемаларды қолдану (PHS — Prolene Hernia System, UHS — Ultrapro Hernia System) Лихтенштейн пластикасымен шап жарықтарын емдеуде салыстырмалы нәтижеле көрсетті. Герниожүйелерді қолдану жолымен жасалған операция техникасы, Лихтенштейн әдістемесі бойынша қолжетімділікке ие және екі қабатты тормен байланысқан коннекторға негізделген. Ішкі қабат, сыртқы шап

арнасының артқы қабырғасына фациясыз бекінеді. Сыртқы қабат кұрсақ алды кеңістікке фиксациясыз бекінеді және шап каналының артқы қабырғасында жатады.

**Қорытынды.** Тартылмайтын герниопластиканы қолдану, операциядан кейінгі асқыну жиілігін төмендеткенімен, шап жарықтарының санын азайтпайды.

**УДК: 371.214**

## **ДЫМҚЫЛ ПРЕПАРАТТАРДЫ АНАТОМИЯЛЫҚ МУЛЯЖДАРМЕНМЕН САЛЫСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАЛЫҒЫ.**

### **СРАВНЕНИЕ ВЛАЖНЫХ ПРЕПАРАТОВ С МУЛЯЖАМИ И ИХ ОРИГИНАЛЬНОСТЬ**

### **COMPARISONS BETWEEN WET ANATOMICAL SPECIMENS WITH MANIKINS AND THEIR ORIGINALITY**

**Асанов Ж.А, Шакеров А.Ә, Карипов М.С.**

*Ғылыми жетекші: Анатомия кафедрасының оқытушысы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі Д.О. Садыкова  
Анатомия кафедрасы, «Семей медицина университеті» КеАҚ*

**Өзектілігі:** Анатомия бұл-адам организмінің қалыпты жағдайдағы қызметін, құрылысын толық зерттейтін ғылым саласы. Оның негізгі міндеті-мүшелерді және мүшелер жүйесін, олардың даму барысындағы өзгеріс заңдылықтарын түсіндіру болып табылады. Медицина саласының қандай бөлігін алып қарастырсақ та, қалыпты жағдайдағы адам анатомиясы оның басты ғылыми негізі екенін айқын көруге болады. Қалыпты жағдайдағы адам анатомиясын толық түсіне білген студент үшін оның патологиялық өзгерістерін клиникалық тұрғыдан суреттей білу қиынға соқпайтыны анық. Осындай жағдайды түсіне отыра, Семей медицина университетінің анатомия кафедрасы өзінің базасында студенттерге анатомия пәнін терең ұғындыру мақсатында заман талабына сай арнайы 3D аппараттар және муляждарды кеңінен қолдану үстінде. Осы мақсатта арнайы анатомиялық үйірме-«Радикс» жұмыс атқарып келеді. «Радикс» мектебі студенттен-студентке бағдарламасы арқылы негізделе отырып, төменгі курс студенттеріне анатомия пәнінен білім алмастыруды қолдап келеді. Кафедраның тәжірибелік орны студенттерге дымқыл препараттардың толық бейнесін көруге мүмкіндік бермейді, себебі біз оқытудың инновациялық әдісіне көштік. Бірақ кафедрада формалинмен өңделген дымқыл препараттар бар, дегенмен олар өте ескі және уақыт пен

студенттерге байланысты бүлінуге ұшыраған. Препараттар қаншалықты ұқыпты қаралғанымен, олар ешқандай құрылымдық маңызға ие емес.

**Мақсаты:** Семей медицина университетінің анатомия кафедрасындағы муляждық жарақтар мен формалиндік препараттар арасындағы ерекшеліктерді айқындап, формалиндік БИО-препараттардың маңыздылығын дәлелдеу және олардың студенттер арасындағы түсіну ерекшеліктерін сараптауға негізделеді.

**Қажетті материалдар және зерттеу әдістері:** Университет кітапханасындағы әдебиеттермен жұмыс жасау, интернет желісіндегі ақпараттарды жинақтау. Анкеталық зерттеу жұмысын 2-3 курс студенттеріне жүргізу, нәтижесін сараптау. Семей қаласының анатомия кафедрасындағы препараттармен (жүрек пен ми) танысып, оларды салыстырып мәліметтерді талдау.

**Зерттеу нәтижесі:** Жұмыс ең бірінші анатомия кафедрасындағы ми және жүректің дымқыл препараттарды салыстырып олардың муляждардағы түпнұсқалық көрінісін көрдік. Негізінен қарап тұрсақ ешқандай айырмашылығы жоқ секілді бірақ тек муляжды көріп соны мен жұмыс жасаған студент болашақта аралық бақылауда немесе жоғарғы курста клиникалық пәндерге келгенде қиындыққа ұшырайды. Сол себепті төменгі курста адам дене мүшелерімен жақсылап танысып оның құрылысын атқаратын қызметін топографиясын синтопиясын голотопиясын бәрін жақсылап түсіне білу керек. Ол үшін кафедрадағы муляждармен бірге жақсы дымқыл препараттар болса және де сол препараттарды өзіміз дайындауға мүмкіндік болса. Біз студенттер арасында осы сұрақтың өзектілігін білу мақсатында 1-2 курс студенттеріне сауалнама жүргіздік сауалнама қорытындысы бойынша студенттердің көз қарастарын және олардың ұсыныстарын білдік. Барлығы сауалнамаға 50 адам қатысты соның ішінде 30 бала 2 курс студенттері болса 20 студент 3 курс студенттері. Дымқыл препарат таңдаған студенттер саны 37, ал муляждық жарақтарды таңдаған студенттер саны 13. Және студенттерден анатомия кафедрасындағы дымқыл препараттардың жағдайын бағалау үшін 10-30%, 30-50%, 50-70%, 70-90%, 100% көрсеткіштерімен бағалау арқылы сауалнама алынды 44 студент 70% төмен деп бағалады ал қалған 6 студент 90-100% деп бағалады. Сауалнама соңында студенттерден олардың өзекті сұрақтарынан ұсыныстарын жазуын сұрадық сондағы негізгі ұсыныстар осындай болды «Жаңадан дымқыл препараттар дайындау, 2-3 курс студенттерімен бірлесіп жұмыс жасау. Көбінесе дымқыл препараттар мен жұмыс жасау. Морг барып адам мәйіттерін көру және болашаққа дайын болу. Балалардың дымқыл оқу барысында ұқыпты ұстауы». Сондықтан дымқыл препараттардың жағдайын жақсартып, барлық жағдайды жақсартып студенттердің болашақ маман болып қалыптасу түбірін (radix) дұрыстап қалыптастыруымыз керек.

**Қорытынды:** Анатомия кафедрасындағы препараттарды салыстырып зерттей отыра біз дымқыл препараттардың клиникалық және анатомиялық тұрғыдан ерекшеліктері бар екеніне көз жеткіздік. Жалпы 2-3 курс студенттері

арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде студенттердің дымқыл препараттарды таңдауларында және оның маңыздылығын ескергендерін айқын көріп отырмыз. Кез келген клиникалық пәндер үшін адам ағзасының мүшелерін көріп тікелей жұмыс істеу өте маңызды болып табылады. Сондықтан болашақ дәрігер клиникалық жетік маман болу үшін анатомиялық тұрғыдан өз қолымен препарат дайындауы өте маңызды. Заман талабына сай әр түрлі жаңа муляждардың шығуы медицина үшін өте маңызды бірақ қанша заман ағымен жүргенімізбен муляждық препараттар дымқыл препараттардай түпнұсқалық бермейді.

**616.33:611.018**

**АСҚАЗАННЫҢ ШЫРЫШТЫ ҚАБАТЫНЫҢ СЕКРЕТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

**МОРФОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СЛИЗИСТОЙ ОБОЛОЧКИ  
ЖЕЛУДКА В УСЛОВИЯХ СЕКРЕТОРНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

**MORPHOLOGICAL CHARACTERISTICS OF THE GASTRIC MUCOSA IN  
THE CONDITIONS OF SECRETORY ACTIVITY**

**Булегенова А.Т., доцент Темирбеков Д.А.,**

**гистология кафедрасының оқытушысы Бикажанова А.Е.**

*Гистология кафедрасы, «Семей медицина университеті» КеАҚ, Семей қаласы,  
Қазақстан Республикасы*

**Жұмыс мақсаты.** Асқазанның шырышты қабатының секреторлық қызметі жағдайындағы морфологиялық көрсеткіштерін бағалау.

**Материалдар мен әдістемелер.** Жұмыс барысында асқазанның әр-түрлі секреторлық функциялары көрінетін созылмалы гастрит, асқазан және ұлтабар ойық жараларымен ауыратын науқастарды зерттеу кезінде алынған мәліметтер қолданылды. Жұмыстың морфологиялық бөлімі 146 науқас және гастроэнтерологиялық патологиялармен ауырмайтын 20 адамнан алынған гастробиопсиялық материалдарда орындалған. Жарықтық оптикалық деңгейдегі морфологиялық зерттеулер Г.Г. Автандиловтың әдістемелік нұсқауларын ескере орындалған және объектілердің ұзындығы мен аудандарының өлшемдерін, жасуша түрлерін жеке типтерінің сандарын қамтиды. Объектілер ұзындығы (ені) окуляр-миктометр, зерттелінген гистокұрылымдардың ауданы Г.Г.Автандиловтың

стереометриялық окулярлық торшасын қолдана анықталды. Асқазанның функционалды жағдайы оның шырышты қабаты гистокұрылымы жағдайына байланысты екенін ескере, секреторлық белсенділігінің ағза денесінің шырышты қабаты морфометриялық параметрлары деңгейлері арасындағы қатынас талданды.

**Зерттеу нәтижелері.** Асқорыту трактысының осы бөлімі шырышты қабаты морфометриялық өзгерістерінің жиілігі мен сыбағалы салмағы асқазан секреторлық қызметінің әр-түрлі жағдайында біркелкі еместігін дәлелдейді.

Асқазан-ішек аурулары анықталмаған адамдармен салыстырғанда секреторлық белсенділігі төмен науқастар тобында морфометриялық өзгерістер жиі дамиды, ал секреторлық белсенділігі жоғары науқастар тобында (ұлтабар ойық жарасы) статистикалық дәлелді өзгерістер анықталмады. Секреторлық жетіспеушілікпен дамыған созылмалы гастрит пен ойық жаралық ауру кезінде асқазан денесіндегі морфометриялық өзгерістер бірдей жиілікте анықталады.

**Қорытынды.** Алынған нәтижелерді сараптай келе, төмендегідей тұжырымдар туындайды:

1. Асқазан денесі шырышты қабатының морфометриялық өзгерістері ағзаның секреторлық белсенділігі төмен науқастар тобында жиі жамиды.
2. Шырышты қабаттың, әсіресе оның бездік қабаты қалыңдығының, морфометриялық параметрлары мен қышқылдық продукция деңгейлері арасында корреляциялық байланыс анықталды.

**611.013.8:611.018**

**КІНДІК БАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫС ЕРЕКШЕЛІГІН ГИСТОЛОГИЯ  
САБАҒЫНДА ЗЕРТТЕУ**

**ИЗУЧЕНИИ МОРФОЛОГИЧЕСКИХ ОСОБЕННОСТЕЙ СТРОЕНИЯ  
ПУПОЧНОГО КАНАТИКА НА ЗАНЯТИИ ПО ГИСТОЛОГИИ**

**THE STUDY OF MORPHOLOGICAL FEATURES OF THE STRUCTURE OF  
THE UMBILICAL CORD IN THE CLASSROOM ON HISTOLOGY**

**Турлыбаева Д.Н., профессор м.а. Мусайнова А.К.,  
гистология кафедрасының оқытушысы Ахметова А.М.**

*Гистология кафедрасы, «Семей медицина университеті» КеАҚ, Семей қаласы,  
Қазақстан Республикасы*

**Жұмыс мақсаты.** Гистология пәнінен практикалық сабақ барысында кіндік баудың морфологиялық құрылыс ерекшеліктерін зерттеу.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Практикалық сабақтағы кіндік баудың микропрепараттарының жиынтығы. Кіндік баудың құрылысын зерттеу нәтижелері бойынша микроскопиялық әдіс. Статикалық әдіс.

**Зерттеу нәтижелері.** Жарықтық микроскопияны қолдану кіндік баудың гистологиялық препаратын зерттеудің микроскопиялық әдісінің бір бөлігі. Жарықтық микроскопия арқылы зерттеу өтетін жарық арқылы іске асырылады, осы кезде жарық жіңішке гистологиялық препарат арқылы өтеді. Қазіргі таңда медициналық вуздардағы гистология кафедраларында микроскопиялау әдісі негізгі әдіс болғандықтан, бұл әдіс көптеп қолданылады. Студенттерге жасушаның кішкентай құрылымдарын, тіндерді, мүшелерді зерттеу әрқашан қызықты. Микроскоп арқылы көруге болатын ең кіші құрылымның мөлшерін

Гистологиядан практикалық сабақта кіндік бауды зерттеу үшін қарапайым жарықтық микроскоп қолданылады. Жарық көзі ретінде табиғи емес жарықты қолданамыз. Жарық спектрінің көзге көрінетін бөлігінің минимальды толқын ұзындығы 0,4 мкм (күлгін спектр) тең. Біздің жағдайда қарапайым жарықтық микроскоп үшін мүмкін қашықтық 0,2 мкм тең, ал жалпы ұлғайту (объектив үлкейтуімен окуляр үлкейтуінің қатынасы) 1000-нан көп. Алғашқы сабақта студенттер жасушаларды, тіндерді және мүшелерді зерттеу өлшемдерін жақсы меңгерген. Кіндік баудың структураларын жарықтық микроскоп арқылы зерттеу үшін студенттер микрометрлік өлшемді қолданды. 1 мкм 0,001 мм-ге тең. Кіндік бау ұрықты планцентамен байланыстыратын, ұзындығы 50-60 см, қалыңдығы 2 см болатын тығыз созынды. Сыртынан амниондық эпителиймен қапталған, оның астында Вартанов ұйымасы және мезенхималық жасушалар орналасады. Екі кіндік артериясы және кіндік венасы кіндік баудың басынан аяғына дейін созылған. Кіндік венасында қатпарлар анықталған, олар клапан тәрізді ішкі қабаттын дубликатурасын түзеді, артерияларда валик тәрізді сақиналық түзілістер құрайды. Студенттер осы тақырып бойынша әдеби шолу жүргізіп, кіндік баудың бисердан жасалған планшетін әзірлеп келді. Планшетті жасау барысында студенттер тамырлардың бұлшық еттік қабатының құрылысына аса зор мән берді, миоглобиннің көптігіне байланысты қызыл түсті бисерді көптеп қолданылғанын байқауға болады. Қызғылт бисермен тамырлардың ішкі, сыртқы қабықтарын, көк бисермен бұлшық еттік элементтердің яроларын және эндотелийін белгіледі. Ұрықтық дамудың 6-7 аптасынан бастап активті қан түзі процестері басталатындығын ескере отыра, студенттер қосымша ұрықшілік қан түзу процестері бойынша бірнеше тақырыптарды қарастырды.

**Қорытынды.** Практикалық сабақтар пайдалы білімді, қажетті дағдыларды қалыптастыруға, ғылымға деген құштарлықты оятуға ықпалын тигізеді. Медициналық әдебиет көздерімен дұрыс жұмыс жасауға үйретеді.

614.8.015:614.2+057.875

**ТӨМЕНГІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЗЕЙІНДІК КӨРСЕТКІШ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**ОСОБЕННОСТИ ВНИМАТЕЛЬНОГО ПОКАЗАТЕЛЯ СТУДЕНТОВ  
МЛАДШИХ КУРСОВ**

**ESPECIALLY ATTENTIVE IN THE NUMBER OF UNDERGRADUATE  
STUDENTS**

**Б.А.Орынжанова, Н.Б.Жумагельдинова,  
профессор м.а. А.К.Мусайнова**

*Гистология кафедрасы, «Семей медицина университеті» КеАҚ, Семей қаласы,  
Қазақстан Республикасы*

**Жұмыстың мақсаты.** Төменгі курс студенттерінің зейін белсенділігінің көлемін анықтау.

**Материалдар мен әдістемелер.** Университет қабырғасына келгенде мектеп мақтанышы болған түлектердің бәрі бірдей білім деңгейлерін бірден көрсете алмай жатады. Осыған орай аталмыш жұмыс жасалды. Зерттеу жұмысы Семей медицина университетінің студенттеріне жүргізілді. Барлығы 100 студент қатысты. Жұмыс барысында 1-ші және 2-ші курс студенттерінің зейін белсенділігінің көлемі анықталды. Тәжірибе жас ерекшелігіне қатысты физиологияда көпке танымал, орындалуы жеңіл, бірақ нақтылы дерек алуға мүмкіндік беретін бірнеше әдістер арқылы жүзеге асырылады. Зейін көрсеткіштерін зерттеу үшін Анфимов, Пьерон-Рузер, «Ландольт сақиналары», «Шульте» тесті әдістемелері қолданылды.

**Зерттеу нәтижелері.** Жұмыс барысында жас шамасы бірдей болғанымен, оқу сатысы және әлеуметтік статусы әртүрлі деңгейдегі жас адамдардың зейін белсенділігі көлемінің айырмашылығы физиологиялық әдістемелер бойынша анықталды. «Ландольт сақиналары» әдісін орындауға 5 минут беріліп, ақпараты қабылдаудың жылдамдығы мен көлемі анықталды. Ақпаратты қабылдаудың орташа көрсеткіші 1 курс студенттері үшін 1,43 бит/с, ал екінші курс студенттерінің орташа көрсеткіші 1,74 бит/с көрсетті. Яғни, 2-ші курс студенттерінің бейімделу қабілеті әлдеқайда жылдам. Зерттеу жұмысының нәтижесі 1-ші курс студенттеріне қарағанда 2-ші курс студенттерінің зейін белсенділігі шоғырлануы әлдеқайда жоғары екендігін көрсетті. «Шульте» тестінде берілген кестелер бойынша зейінділікті анықтауда, барлығы 100 студент қатысты. Оның ішінде 40 секунд ішінде жұмысты аяқтағандар саны – 56 студент, 40-50 секунд ішінде аяқтағандар – 30 студент, 1 минут ішінде аяқтаған студенттер саны – 14 студент. 100 студенттің 50%-ы 1 курс студенттері, 50%-ы 2 курс



студенттері. Жұмыс нәтижесі бойынша 2 курс студенттерінің зейінділігі, және тез қабылдаушылығы 1 курс студенттеріне қарағанда әлде қайда жоғары екендігін байқадық.

**Қорытынды.** Алынған нәтижелерді сараптай келе, төмендегідей тұжырымдар туындайды:

- Мектеп пен жоғарғы оқу орындары арасындағы жүктемелік айырмашылық жойылмаса да, оның азайуына ұмтылу керек.
- Мектептегі реформаға сай жоғары буынды сыныптарда жоғарғы оқу орындарда кездесетін оқыту үрдісі түрлерінің элементтерін біртіндеп ендіру қажет.
- Түлектердің бірден оқу үрдісіне бейімделіп кетуі, зейін қабілетінің өсуі әр түрлі тәжірибелер мен уақытты қажет ететін процесс.
- Мектеп түлектеріне және 1-ші курс студенттеріне арналған түрлі бағдарламалар енгізу арқылы, зейінділігін, тез бейімдеушілігін қалыптастыру.
- Зейінділікті арттыру үшін, балаларды төменгі сыныптан бастап зейін қоюға үйрету. Қазіргі мектептегі енгізіліп жатқан жаңа оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу арқылы, баланың жас ерекшеліктерін ескере отыра, жасына сай бағдарламалық жұмыстар мен тапсырмаларды орындауға бейімдеу.